

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы
"Зарина" бөбекжай бақшасы ЖШС



Тақырыбы: Түстер әлемі

Тәрбиеші: Манабаева.Қ

2023-2024



Түстер әлемі

Мақсаты: Балаларға негізгі түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, көк, жасыл. Сары түспен таныстыру. Балалардың коммуникативтік- ақпараттық құзіреттілігін молайтып, ой- түйсігін, қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс: Қызыл, жасыл, көк, сары.

Дидактикалық құралдар: Түрлі- түсті қақпақтар, әр түрлі дөңгелектер.

Блингвистикалық компоненті: Қызыл — красный, көк — синий, сары — желтый, жасыл — зеленый.

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Шаттық шеңбері

Мен ақылды баламын,

Айтқан тілді аламын,

Пингвин болып жүремін,

Балық болып жүземін.

Қанатым бар ұшатын,

Шатырға келіп қонамын.

Қиял ғажайыпқа сенетін

Мен осындай баламын.

Сұрақ-жауап.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінің айлары қандай?

-Табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

Жарайсыңдар балалар. Көктем туралы тақпақ білемізбе?



Алинұр

Көркі ғажап көркем,

Нұрын төккен күткен күн.

Күй толтырды көңілге,

Құстар сайрап жеткен күн.



Балалар бүгін біз сары, жасыл, көк, қызыл түстерімен танысамыз

1-тапсырма

Ал енді мына берілген Әуе шарларындағы қақпақтарды өз түстеріне сәйкестендіруіміз керек.

2-тапсырма

Бөтелкелерге су мен краска құйылған .Соны шайқау арқылы жемістердің түстері шығады.

3-тапсырма.

Жемістерді көзді байлап қою арқылы дәмін татып,атын атап,түсін айту



4-тапсырма

Жанартау тәжірибесі.



Балалар біздер менің түстер әлемімнің тапсырмаларын орындап бітірдік.

Сергіту сәті:

Бала бала балақан

Қане қайсы алақан

Саусақтары әйбат

Былай – былай ойнат.

-Жарайсыңдар,балалар.Сендерге түстер әлемінің сыйлығы бар. (түрлі- түсті шарлар сыйлау).

Балалар сендер сондай ақылды екенсіңдер. Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.